

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы мен олардың көлемі (пайызбен көрсеткенде) туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қарашадағы N 1213 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Конкурстарды ұйымдастырушылар номенклатурада көзделген тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды заңнамада белгіленген тәртіппен осы тауарлар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің кемінде 30 пайызы көлемінде жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 2 1 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құратын, тауарлар мен қызметтерді өндіретін ұйымдардан конкурсты ұйымдастырушылар сатып алатын тауарлар мен қызметтердің 2005 жылға арналған номенклатурасы

1. А з ы қ - т ү л і к т а у а р л а р ы :

- 1) *Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2005.04.08. N 318* қаулысымен .
- 2) *Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2005.04.08. N 318* қаулысымен .
- 3) *Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2005.04.08. N 318* қаулысымен .

- 4) шұжық өнімдері.
2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар:
- 1) тігін өнімдері;
- 2) тоқыма өнеркәсібінің өнімдері;
- 3) арнайы киім;
- 4) теріден тігілген киімдер және оның керек-жарақтары, тері бас киімдер;
- 5) төсек-орын керек-жарақтары;
- 6) электр-техникалық бұйымдар;
- 7) көлік құралдары, ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторлар үшін қосалқы бөлшектер (сүзгіштер, электр сымдары, щеткелер);
- 8) пластмасса, металл, былғары бұйымдары;
- 9) мал байлайтын шынжыр;
- 10) рабца торкөзі;
- 11) тұрмыстық мектеп және кеңсе жиһазы;
- 12) кеңсе тауарлары;
- 13) құрылыс материалдары:
тротуар такталары;
ағаш бұйымдары;
шегелер;
терезе және есік жақтаулары;
- 14) қылқалам-щетка бұйымдары;
- 15) тығындау бұйымдары;
- 16) қатырма қағаз бұйымдары.
3. Қызметтер:
- 1) аяқ киім тігу және жөндеу;
- 2) полиграфиялық;
- 3) салт-ғұрыптық;
- 4) жарнама-ақпарат, баспа қызметтері;
- 5) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу.